

«Гүлдер» жекеменшік балабақшасы



**«Қиын ата-анамен әдепті қарым-қатынас
орнату жолдары» тренингі**
(педагогикалық әдеп кеңесі)

Психолог: Калжанова А
Әдіскер: Джуматова Б

2026 жыл, ақпан

Тақырыбы: Қиын ата-анамен әдепті қарым-қатынас орнату жолдары

Мақсаты:

Педагогтарға қиын мінезді ата-аналармен тиімді, сабырлы және кәсіби қарым-қатынас орнату тәсілдерін үйрету.

Қатысушылар: педагогтар

Ұзақтығы: 40–60 минут

2. Жылы шеңбер – «Ата-анадан естіген бір сөз»

Педагогтар шеңберге тұрады.

Әр қатысушы ата-анадан естіген бір жағымды немесе қиын сөзді айтып шығады.

Мысалы:

«Сіздер балама дұрыс қарамайсыздар!»

«Менің баламды неге ұрыстыңыз?»

«Рахмет, балам көп нәрсе үйренді».

Жүргізуші қорытындысы:

Ата-аналар әртүрлі болады. Біздің міндет — қандай жағдайда да әдепті әрі кәсіби болу.

2. Ми шабуылы – «Қиын ата-ана қандай?»

Қатысушылар жауап береді.

Қиын ата-ана:

- көп шағымданады
- ашуланып сөйлейді
- педагогты кінәлайды
- баласын ерекше көреді
- тыңдамайды

Жүргізуші флипчартқа жазады.

3. Мини дәріс – «Қиын ата-ананың 4 типі»

Шағымданғыш ата-ана

– үнемі кемшілік іздейді

Бәрін білетін ата-ана

– педагогқа ақыл айтады

Ашулы ата-ана

– эмоциямен сөйлейді

Немқұрайлы ата-ана

– баласының тәрбиесіне қатыспайды

Маңызды ереже:

Педагог ешқашан ата-анамен дауласуға болмайды.

4. Рөлдік ойын – «Қалай жауап берер едіңіз?»

Қатысушылар 2 топқа бөлінеді.

Жағдай 1

Ата-ана:

«Менің баламды неге ұрыстыңыз? Ол үйде бәрін айтты!»

Педагогтың дұрыс жауабы:

сабыр сақтау

баланың жағдайын түсіндіру

бірге шешім ұсыну

Мысалы:

"Біз баланы ұрыспаймыз. Тек тәртіпті түсіндірдік. Балаңыз өте белсенді, бірге көмектесіп дамытайық."

Жағдай 2

Ата-ана: "Сіздер балама жеткілікті көңіл бөлмейсіздер!"

Педагог: "Сіздің алаңдағаныңызды түсінемін. Балаңыз топта белсенді. Қаласаңыз, бүгінгі күн тәртібін бірге қарап шығайық."

Жағдай 3

Ата-ана: "Менің балам ең жақсы, оған ескерту жасамаңыз."

Педагог: "Балаңыз өте қабілетті. Бірақ топта барлық балаға бірдей ереже бар."

5. Жаттығу – «Сикырлы сөздер»

Қатысушылар ата-анамен сөйлескенде қолдануға болатын әдепті сөздерді айтады.

Мысалы:

«Сізді түсінемін»

«Рахмет пікіріңізге»

«Бірге шешім табайық»

«Сіздің алаңдауыңыз орынды»

6. Ойын – «Болмайтын сөздер»

Қатысушылар педагог айтпауы керек сөздерді атайды.

«Сіз дұрыс айтпайсыз»

«Балаңыз кінәлі»

«Бұл сіздің проблемаңыз»

«Уақытым жоқ»

7. Қорытынды – «Алтын ережелер»

Қиын ата-анамен жұмыс істеудің 5 ережесі:

Сабыр сақтау

Тыңдай білу

Баланы емес, мәселені талқылау

Шешім ұсыну

Әдепті сөйлеу

Рефлексия – «Бір сөзбен»

Қатысушылар тренингтен алған әсерін бір сөзбен айтады:

пайдалы

қызықты

тәжірибелі

маңызды